



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ



айлық журналы
ежемесячный журнал
№13 (13) 20.04-05.2015

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!!!!



Уақытқа дамыл бар ма, шіркін! Өздеріңізге қызмет етіп, барынша редакция қоржынына келген жұмыстарды басылым бетіне шығарып, жағымды жаңалықтардан құлағдар етуге тырыстық. Әне-міне дегенше, тағы бір оқу жылымыз өз мәресіне жетті. Бұл аралықта еліміздің болашақ өнерпаздарының салмақты да салиқалы, сырлы да сұлу сазды кештерінің, кездесулерінің куәгері болуға асықтық. Әр шараға ат салысқан сайын өспесек, ошпейтіміз хақ. Олай дейтінім, Сіздердің әр еңбектеріңізді ақ қағаз бетіне түртіп, оқу ордасының қабырғасында өткен студенттік жылдарыңыздың есті естеліктерін парақтаған сайын ел есіне түсіру «Шабыт» журналы ұжымының басты міндеті. Сол себепті қасиетті өнерді бойына дарыта білген сіздерге әрқашан шалқар шабыт тілейміз! Келесі оқу жылында кездескенше!

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Мейрамов Т. У. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Юсупова А. К. - өнертану кандидаты

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы

Редактор: Камила Габдрашитова

Тілшілер: Қуат Ежембек

Мирас Әбіл

Нұрислам Абдил

Александра Поршнева

Евгений Лумпов

Амина Габдрашитова

Дизайнер: Ахат Азтай

Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77751393919

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғышы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Г. Көлбайқызы	4	«ҚАЛЛЕКУ» ТЕАТРЫ – АЛМАТЫДА
Н. Ақшалова	7	«ЖАНСЕБИЛ» ФУЛЬМИНДЕГІ ЕЛ ТАҒДЫРЫ
М. Әбіл	10	ӘШІРБЕК СЫҒАҰДЫҢ ТЕАТР АШҚАНЫН БІЛЕМІЗ БЕ?
Қ. Ежембек	13	МҰҢАҰМА, МИРАСИ
А. Айтжан	14	АЛАШТЫҢ «АҰБОЗЫ»
Н. Әбділ	15	КӨРЕРМЕНГЕ КЕҢЕС
Ж. Дәуіт	16	БЕС ЖҰЛДЫЗ
О. Абенова	17	КІТАПХАНА – АҚПАРАТ АҰДЫНЫНДА
У. Калкулов	19	КОМПОЗИТОРЫ – ФРОНТОВИКИ КАЗАХСТАНА
Т. Нарламова	20	ОГОНЬ, ОСТАВИВШИЙ ВЕЧНЫЙ СЛЕД ВО ВСЕЛЕННОЙ...
	22	В КРУГУ ШАБЫТА
Д. ЛЯМБЕКОВ	24	ART GALLERY
	26	«ВРЕМЕН СВЯЗУЮЩАЯ НИТЬ...»
Д. Мосиенко	28	ЗАПУСК ИСКУССТВОВЕДА

«Қаллеки» театры – Алматыда

Театр – адамның өзін-өзі сахнадан көріп, өзін-өзі түсінетін орын.

Григорий Ревзин

Елордалық Қ. Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры бүгінде тәуелсіз еліміздің түйдей құрдасына айналып, өнер көкжиегіндегі қадамдарын күннен күнге қарыштап басып келе жатқан жайы бар. Сарыарқа төсінде орналасқан «Қаллеки» театры еліміздегі мәдени-рухани ошақтардың алдыңғы шебін құрап, Астана қаласындағы өнер ұжымдарының ішіндегі бет пердесіне айналып, мәдени деңгейінің артуына бірден бір ықпал жасап отырған өнер ордасы. Себебі, шалқыған ән де, ырғақты би де, шабытты күй де осында. Сөз бен саз күдіретінің салтанат құрар мәртебелі мінбесі, сан өнердің тоғысқан жері осы сахна – театр сахнасы. Өз көрерменін тапқан театрдың бүгінгі тыныс-тіршілігіне көңіл төлады. Елімізде және шет елде өткен бірнеше театр фестивалдерінде биік белестерді бағындырған ұжымның алға қойған бағыт-бағдары айқын. Ол – қазақтың театр өнерін өркендету, кешегі мен бүгінгі өмір арасын өнердің биік шыңы арқылы шынайы көрсете білу.

Қуанышбаев театры - нағыз кәсіби мамандардың, жө жоқ нағыз таланттардың шоғырланған ордасы! Бұл ұжымда өз жұмысына шынайы берілген мамандар қызмет атқарады. Театрдың шығармашылық ұжымы өнерге деген шексіз махаббаттарын әр қойылым барысында дәлелдеп келеді. Қандай да бір асуларды бағындыру жолында жұдырықтай жұмылып, жеткен жетістікке бір адамдай қуанып, театр мәртебесінің өсуі жолында аянбай еңбектенуде. Алаштың басына біткен біртуар арда азаматтар бейнесі осы бір өнер ордасының сахнасында топтасып, өскелең ұрпақтың жадына олардың ел үшін жанын пида қылған ерліктері мен езгіде жүрген қазақтың көкірек көзін ашып, егемендікке бастар жолдағы батыл қадамдарынан сыр шертеді. Киелі сахнадан қазақтың ханы Абылайдың, әскери қолбасшы Кежесарының, гұлама Абайдың, жалынды жазушы, дарынды драматург, Мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллиннің, ақиық ақын Мұқағалидың, француз батыры, Орлеан қызы Жанна Д'Арктің, Дат елінің ханзадасы Гамлеттің т.б. бейнелерін көргенде күнделікті күйбең тіршіліктің шырғалаңынан бір сәт тынығып, жан дүниені тыныштық табады... Осының нәтижесінде Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, «Құрмет» орденінің иегері, «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, профессор, сарабал сыншы Әшірбек Төребайұлы Сығай ағамыз өзінің соңғы еңбегін «Қаллеки» театрына арнап кетті. Аталмыш туындыда өнер ордасының алғаш құрылғанынан бүгінгі күнге дейінгі тарихы, шығармашылық ұжымның еңбек жолы, танымал тұлғалар туралы төлғам-тұжырымдары жинақталған.

Ағымдағы жылдың маусымының өзінде «Қаллеки» театры Қызылорда қаласында өткен КСРО және Қазақстанның халық артисі С. Майқанованың 100 жылдық мерейтойына арналған Қазақстан театрларының XXII республикалық фестиваліне Ш. Айтматовтың «Ана-Жер Ана» спектаклімен қатысып, ҚР Халық артисі Г. Әспетова «Сабира Майқанова» атындағы арнайы жүлдені иеленсе, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Т. Атымтаева «Ең үздік әйел бейнесі» номинациясын жеңіп алды (Қоюшы режиссер, «Халық қаһарманы» – Ә. Мәмбетов, режиссер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері – Б. Құрманғожаев). V Орталық Азия мемлекеттерінің Халықаралық театр фестиваліне Ж. Ануйдың «Жалын жұтқан Жанна Д'Арк» драмасымен қатысып, Гран-приді иеленді. Сондай-ақ, актриса А. Бермұхамбетова «Ең үздік әйел бейнесі» номинациясына ие болды (Қоюшы режиссері ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ә. Оразбек). Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақып Омарұлы, Қазақстанның Халық артисі Қадыр

Жетпісбаев және КСРО халық артисі, «Халық қаһарманы» Әзірбайжан Мәмбетовтар негізін қалаған өнер ордасы әр кез тырнақтап жинаған тынымсыз еңбектерін қалың көрермен алдына паш етуден тынған емес. Тек елорда тұрғындары мен қонақтарын ғана өнердің нәрімен сусындатпай, алыс-жақын шет елдермен бірге республикалық аймақтарда да гастрольдік сапарлармен жиі болып тұрады. Осындай маңызды әрі мағыналы гастрольдік сапардың бірі 12-17 мамыр аралығында Алматы шаһарында ұйымдастырылды.

Иә, бұл көптен күткен гастрольдік сапар! Театр көнеден келе жатқан классикалық өнер туындыларын заманға сай жаңартып, жаңаша қойылымдармен толықтырып келеді. Сол себепті де, Алматы жұртшылығының назарына төмендегідей қомақты қойылымдар ұсынылды.

Талғат Теменов,

Қазақстанның Халық артисі, профессор, театрдың көркемдік жетекшісі:

- Бұл гастрольдік сапар Қазақ хандығының 550 жылдығының, Жеңістің 70 жылдығының, жақында өткен Президент сайлауынан кейінгі атаулы шаралардың жалғасы болсын деген ниетпен жоспарланды. Онымен қоса, Қаллеки театры Алматы қаласына бармағалы біраз болды. Алматы бәріміздің өскен, қызмет жасаған қаламыз. Астана қаласы театрының көтерілген деңгейін, бүгінгі алған белесін Алматы жұртшылығына таныстыру. Осы маусым барысында театрге Мемлекеттік хатшыдан бастап, көптеген сенаторлар мен министрлер, зиялы қауым өкілдері келді. Сондай-ақ, Ресейден арнайы театр репертуарын тамашалап, кәсіби тұрғыда өз бағаларын беру үшін Ресейдің еңбек сіңірген қайраткері, ТМД кинематографистер одағы конфедерациясы төрағасының орынбасары, өнертану кандидаты, театр сыншысы – Константин Александрович Щербakov пен Ресей Федерациясы мен Польша Мемлекетінің еңбек сіңірген қайраткері, қазақ театр өнерінің жанашыры «Театральная жизнь» журналының бас редакторы – Олег Иванович Пивоваров мырзалар да келді. Бұл жандардың келгені біздің театр үшін үлкен жаңалық болды. Себебі, шет елден келген кәсіби мамандардың тарапынан бүгінгі театрдың бел белесі жайлы, өзіндік пікірлерін, тілектерін, сындарын естідік. Осындай жандардың алдында өнер көрсеткен театр ұжымы өз еңбектерін Алматы қаласының жұртшылығына паш етуді жөн санады.

Репертуардағы отызға жуық қойылымдар ішінен көрсетілімдердің әр түрлі жанрда болуы мақсатында сегіз қойылым іріктеліп алынған. Әлемдік драматургиядан адамзаттың Айтматовы атанған ұлы жазушының зұлмат соғыстың ауыр қасіреттерін суреттейтін «Ана-Жер Ана» трагедиялық драмасы. Толғанай ролінде Қазақстанның Халық артисі Гүлжан Әспетова мен қасіретті жерді кейіптейтін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Түймехан Атымтаева. Француз драматургі Жан-Мари Шевренің әр адамның шыққан тегі, ұлт нәсілі басты қасиет емес, ең маңыздысы – адам деген ұлы атқа сай бола білу керек екенін, адамдардың бір-біріне деген махаббатын, мейірімділігін суреттейтін «Ізгілік формуласы» комедиясы, испандық драматург Альфонсо Вальехоның қазіргі қоғамда шынайы еңбек пен маңдай тердің арқасында биік белестерге қол жеткізу мүмкіндігі оңай еместігін көрсететін «Күн сәулесі түспеген» психологиялық драмасы, орыс елінің драматургі Валентин Ежовтың совет солдатты мен неміс қызының арасындағы туындаған кездейсоқ сезімнің әсерінен адамзатқа ортақ қасиеттер – махаббат пен жауыздық, адамгершілік пен сыйластық, өшпенділік пен сүйіспеншілік, сағыныш пен мейірімділіктің ұшқынының байыбына барғызатын «Тыраулап ұшқан тырналар» лирикалық драмасы ұсынылды. Сонымен қатар, ұлттық драматургиядан Шерхан Мұртазаның табиғи тепе-теңдікті саналы түрде бұзушы адамдар мен тіршілік үшін арпалысқан жануарлардың өзара ұқсастығын әрі айырмашылығын көрсете отырып, өзіңізді табиғаттың

кожасы емес, тек жаратылыстың бір бөлшегі ғана екеніңізді есіңізге түсіретін «Бір кем дүние» драмасы, Думан Рамазанның Кеңесары ханның өз халқына тәуелсіздікті тарту ету жолындағы күресі мен намысшылдығы, батырлығын сипаттайтын «Кеңесары - Күнімжан» тарихи драмасы және Сұлтанәлі Балғабаевтің әйел затының психологиясы арқылы шынайы өмірдегі пендешілік пен адамшылықтың ара-жігін астарлы оймен баяндайтын «Ең жақсы еркек» комедиясы көрермен назарынан тыс қалмады. Сондай-ақ, кішкентай көрермендерге арнап театр өнерпаздары Мария Машадудың «Бразилия байлығы» атты ертегісін ұсынды.

**Болат Ұзақов,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
театр директоры:**

- Алматы қаласы республикамыздағы мәдениет пен өнердің ошағы деп есептелінеді. Сондықтан ол жерде өнерді түсінетін, мәдениетке жақын үлкен орта бар. Қандай шығармашылық ұжым болмасын Алматыға барып өз өнерлерін көрсетуге әрқашан құштар. Оны біз жоққа шығара алмаймыз. Сондай-ақ, қазіргі таңда Астана қаласы да үлкен өнердің, мәдениеттің ордасына айналып келе жатыр. Кәдімгідей орта қалыптасты. Театр өнеріндегі біздердің жетіп жатқан жетістіктеріміз, театрдың өзіндік қалыптасқан қолтаңбасы, бет-бейнесі, үлкен жетістіктерге жеткен актерларымыз бен алды отандық кино туындыларға түсіп елдің аузына ілігіп жүрген жас буындарымыз бар. Міне, осы жандармен біржесе отырып істеген еңбегімізді Алматы жұртышылығына, өнер сүйер қауымға апарып көрсеткіміз, қауыштырғымыз келді. Біріншіден, ол жерде үлкен театрлар бар, бұл екі мәдени ошақтың арасындағы тәжірибе алмасуына да септігін тигізеді. Гастрольге шықпай, гастрольге барып өздерінің өнерін көрсетпей актерлардың өнерінің осуі өте қиын. Басқа орта, басқа аудитория, көрермен болғаннан кейін актерлерге ерекше қайталанбайтын шабыт, жауапкершілік алып келеді. Осыған байланысты елорда



«Жансебіл» фильміндегі ел тағдыры

Ей, төкаппар дүние,
Маған да бір қарашы!
Танимысың сен мені,
Мен қазақтың баласы!

Қасым Аманжолов

театрының деңгейін көрсетейік деген ниетпен Алматы қаласына гастрольдік сапармен барған жайымыз бар. Біздің репетруарымызда өте көп қойылымдар бар. Алайда, оның барлығын айналдырған алты күннің ішіне сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан, мүмкіндігінше актерларымыздың көбі көрінсе деген ниетпен гастрольдік құрам жасадық. Біз 45 адам шығармашылық ұжым, 15 техникалық құрам болып бардық. Бұл әрине театрдың бүкіл шығармашылық құрамы емес.

Осы орайда, Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарына жоспарланған қойылымдар барысында театрдың белгілі тарландары бастаған Халық артистері, Қазақстанның еңбек сіңірген артистері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, Қазақстанның «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының иегерлері, Қазақстанның Жастар одағы сыйлығының иегерлері өзге де дарын иелері өнер көрсетті.

Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ,
«Кинотану» мамандығының 1 курс
курс магистранты
профессор Б.Нөгербек шеберханасы

Қазақ ұлттық өнер университетінің қабырғасында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай қазақ киносының күндері өтті. Осы іс-шараның аясында Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында өр жылдары түсірілген «Жерұйық» (реж. С. Тәуекел), «Сестра моя Люся» (реж. Е. Шынарбаев), «Лесная баллада» (реж. Н. Жантөрин), «Возвращение сына» (реж. Ш. Бейсенбаев), «Долгий млечный путь» (реж. А. Тәжібаев), «Жансебіл» (реж. А. Шәжімбаев) атты көркемсуретті фильмдер көрсетіліп, соны қызу талдаулар мен пікір-таластарға ұласып отырды. Қазақ киносының күндері аясында көрсетілген бұл фильмдер достық, татулық, ынтымақ деген тақырыптарды қамтыған. Барлығында дерлік кейіпкерлерінің тағдыры елдің тағдырымен тығыз байланыста көрсетіледі. Осы ретте журнал оқырмандарының назарына Аяған Шәжімбаевтың «Жансебіл» фильмі турасында сөз қозғауды жөн санадық.

Қазақ кино өнерінің көрнекті қайраткері, актер Аяған Шәжімбаев 1952 жылы 25 қарашада Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Қаратал ауылында дүниеге келді. Режиссер өзіндік шығармашылық қолтаңбасымен «Бәйтерек», «Барбол», «Толғау», «АЛЖИР», «Актер Әнуарбек Молдабеков», «Режиссер Жұмат Шанин», «Домбыра үйі», «Алтынбектің әндері» т.б. деректі фильмдерін түсірді. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «АЛЖИР» (1989) фильмі жоғары бағаланып, сол кездегі Кеңес Одағы прокатына алынып, «Союзгосфильм» қорына енгізіледі. Сондай-ақ, аталмыш туынды үшін Аяған Қуандықұлы 1990 жылы КСРО Кинематографистер одағына мүшелікке қабылданып, еңбегі республикалық «Дарын» сыйлығына ұсынылды.

Ал, 1991 жылы экранға шығарылған «Жансебіл» көркемсуретті фильмі «Ашхабад-92» Халықаралық кинофестивалінде «Үздік режисерлік дебют» және «Тегеран-93» Халықаралық кинофестивалінде басты ролді сомдаған Қасым Жәкібаев «Үздік ер адам ролі» үшін жүлделеріне ие болады. Бүгіндері «Жансебіл» фильмі қазақ киносының «алтын қорына» еніп отыр.



«Жансебіл» фильмі туралы белгілі жазушы-драматург, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері Әкім Тарази «Жас Алаш» газетінде (28 ақпан, 2002 жыл) былай деп жазады: «Өзі дүниеден өтін кетті, ұмытылып та бара жатыр, режиссер Аяған Шәжімбаевтың Жүсіпбек Қорғасбектің әңгімесі бойынша түсірілген «Жансебіл» фильмі – классикалық туынды. Сол фильм өзінің бағасын әлі алған жоқ. Осы фильмді экранға қайта оралту керек, кинотеатрларға шығарту қажет».

Осы фильмдегі басты кейіпкер Мұқатайдың жары Марусяны сомдаған кеңес киносының жұлдызы Галина Макарова өмірінде тұңғыш рет қазақ киносына түскен екен. Ол бір сұхбатында былай дейді: «Жансебіл» фильміндегі Маруся жаныма жақын көрінді. Киносценарийді оқып шықтым да бірден келісім беріп, Аяған бауырыма музыканды өзірле деп телеграмма соқтым. «Жансебіл» (орысша аты «Доходяга») фильміне түсу барысында тамаша адамдармен таныстым. Қазақ ССР-нің халық артисі, опера театрінің бишісі Зарема Қастеева мен оның күйеуі, осы фильмнің суретшісі Ә. Қастеевпен, «Жансебілдегі» қазақтың шалы Мұқатай ролінде ойнаған Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі Қасым Жәкібаев сияқты өнерге деген махаббаты шексіз, шебер мамандармен арадағы қарым-қатынасымыз нағыз достыққа айналды» («Алаштың Аяғаны» атты естеліктер кітабынан). Тағдыр тауқыметімен, зұлмат зобалаңымен атамекеннен шалғай кетін, жат жердің дәмін татып жүргендер сол ата-бабасының ізі қалған, рухы мәңгілік дамылдап жатқан қасиетті де киелі топырақты бір көруге зар болып, жүректерін мұң-шер торлап, көкіректері қарс айырылып жүргендері қаншама. Түптің түбінде кім болса да сол атамекеніне ат басын бұрып, аңсап келгісі келеді емес пе? Мұқатайдың мүгедек болып қалуы болашағынан айырды. Сондай-ақ, фильм негізінде әр ұлттың жаттығы жоқ, тек қай халықта болмасын адамдардың жақсы-жаманы, ақкөңіл, құшағы ашық, бауырмал мінезді және қара ниетті, зұлым, есерсоқ адамдар қатар кездесетіні туралы қағида жатыр. Көрсетілімнің алдында фильм туралы кинотанушы Бауыржан Нөгербек: «1937 жылғы қанқұйлы оқиға мен Семей полигонына ұшыраған адамдардың жан түршіктірер жағдайы қозғалған» деді.

«Жансебіл» фильмінде жер бетінде мың өліп, мың тірілген нағыз жансебіл халық – қазақ халқы екенін баяндайды, Сондай-ақ, онда үлкен саяси - әлжуметтік және танымдық - тәрбиелік мәні зор

мәселелер көтеріледі. «Итжеккенге» айдалған Мұқатай азапты жолда, айдауға келе жатқанда орыс селосында Марусямен алғаш танысып, табысады. Өмір бойы екеуі бір шанырақтың астында өмір кешіп, Маруся арбаға таңылған мүгедек Мұқатайдың мұңы мен қайғысын бөліседі. Осыдан кейінгі оқиға желісінде азаттық аңсаған Мұқатай қақаған қысқы аязда лагерьден қашып, аяқ-қолын үсітіп алады. Енді ем дарымайтын болып, ауруы асқынып бара жатқан аяқ-қолды лагерь дәрігерлері кесіп тастауға мәжбүр болады. Қозғалуға дәрменсіз Мұқатайды айдауыл басшысы қайтар жолда Марусяға әкеп тастайды. Содан бергі өткен жарты ғасырда «халық жауы» Мұқатай мен тағдыр тауқыметі табыстырған Маруся бірге өмір кешіп, уақыттың ащы-тұщысын бірге татып келеді.

Кезіндегі жалған жала жабылған саяси айыпкерлер ақталған деген хабарды естіген Мұқатай Марусяға Абыралыдағы ағайын-туғандарына арнап хат жаздырып, әйелі мен сонында қалған жалғыз тұяғы – баласына іздестіруді ғұмырлық арман етеді. Ұзақ жылдар бойы Мұқатай шалға бауыр басып кеткен Маруся осындайда екіұдайы күй кешеді. Бір жағынан, жанына жақын болып кеткен дәрменсіз Мұқатайды Абыралыға барғанда кім керек етеді деп аяса, екіншіден, одан айырылса өзінің жападан жалғыз қалатынын ойлап қатты уайымдайды. Сол оймен ол Мұқатай жаздырған хаттарды Абыралыға жібермей отқа жағып, көзін құртып отырады. Сол қиянатына кейін қатты өкінеді де.

Әбден кәрілік, ойсоқтылық мендеген, соңғы кездерде тіпті мазасыз болып кеткен Мұқатайдың түсіне туған елі, өзен-көлі, әйелі мен ұлы жиі-жиі кіріп, сағыныш сазы жүрек дертіне айналады. Өзінің тірі екенін, Абыралыға қайткенде де жеткізу үшін аманат-хатын табыстар адам іздеп, пойыздан пойызды жағалап, Марусяны мазалауын үдете түскен. Ақыры енді-енді өше бастаған үміт оты қайта жанғандай болады. Сәті түсіп, Абыралыға баратын жолаушы қазақ жігітіне кездеседі. Оның Мұқатайдың хатын елге жеткізем деген уәдесін естігенде қуаныштан жүрегі жарыла жаздап, ағыл-тегіл жылаған тұсын көргенде көрермен қоса егілді. Шалдың қуанышына ортақтасқан кемпір хатпен қоса жолаушы жігіттің қалтасына азын-аулақ зейнетақысынан жырмалап жинаған тиын-тебенін де тықпалап жібереді. Бірақ, аманатты елге жеткізуге уәде берген жігіт ардан безген нағыз алаяқтың өзі болып шығады. Кемпір берген ақша араққа жұмсалды. Ал, шалдың хатының Абыралы ауылына жазылғанын білген қуаяқтың бөтелкесі: «Шалым, сенің атамекенің жоқ... Ол полигонның астында қалған» деп мұңлық қарияның жүрекжарды сәлемінің көзін жол ортада құртады. Яғни, оның үмітінің соңғы жібін үзеді...

Фильмнің маңыздылығы, көркемдік астары туралы белгілі ғалым, тарих ғылымының докторы Кеңес Нұрпейісов былай дейді: «Фильмнің көтеріп отырған әлеуметтік мәселесі қомақты. «Жансебіл» атауының өзі басты кейіпкер Мұқатайдың тағдыры арқылы қазақ халқының озық ойлы, зиялы азаматтарын сталиндік саяси қуғындардың құрбаны етіп, жер-жаннаты сайын даланы әскери соғыс полигонына айналдырып, жергілікті халықты ұлттық мінез-құлық, салт-дәстүрден, имандылықтан зорлықпен айырып, рухани мүгедектікке ұшыратқан ресейлік отарлау жүйесінің безбүйрек идеологиясын нанымды әшкерелей білген» («Алаштың Аяғаны» атты естеліктер кітабы).

Расымен, режиссер Аяған Шәжімбайдың «Жансебіл» фильмін тамашалаған сайын кешегі тарихымызды шындықпен шымырлатқан көріністерінің маңыздылығына көз жеткіземіз.

Назгүл АҚШАЛОВА,
«Кинотану» мамандығының I курс студенті
ө.ғ. кандидаты, доцент Н. Мұқышеваның шеберханасы

Әшірбек Сығайдың театр ашқанын білеміз бе?

Күні кеше ғана ортамызда жүрген қазақтың дуалы ауыз сыншысы Әшірбек Сығай жайлы кейбір ақиқаттарды, жүрек түкпіріндегі айтылмаған сырларды оқырманға жеткізу адами парызым. Әуелгі әңгімені мына бір оқиғадан бастағаным дұрыс. Соңғы тәрт жыл бойы шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық еткен өнер ошағы Қазақ Ұлттық өнер университетінің бесінші қабатында марқұм Әшекең өмірден өтерінен 3-4 күн бұрын белгілі режиссер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерсайын Төпеновпен кездесін қалған еді. Замандастардың әзілі жарасып, әңгімелері үйлесіп кететін. Амандасқан кезінде Әшірбек аға Ерсайын Төпеновті «классик», ал Ерекең Әшекеңді «Белинский» деп атайтын. Бұл жолы «классик» Белинскииге сарғайып кеткен ескі, жылан жылғы бір қағаздарды ұсынды:

- Әшеке мынаны білесіз бе? – деді, Төпенов қолына ұсынып.

- Ой, Алла мынаны қайдан таптың, қайда сақтағансың? – деп, кеудесін ұстады Әшекең.

- Менде, мен сақтадым.

Әлгі қағаздарды көре сала Әшекеңнің жүрегі елжіреп кетті. Балаша қуанғаны жүзінен байқалады.

- Енді мен осыны Ерсайын, Павлодар театрын ашуға көмектестім, негізін қаладым деп айтуға ұялам.

- Неге Әшеке, ол театр сіздің осы сары қағазыңыз берілмесе ашылмас еді ғой.

- Енді, ешкім сенбейді ғой маған, қолымда қағаз жоқ, ешкім сенбейді маған театр аштым десем.

- Неге ашқан жоқсыз, екі курсты бірдей жібердіңіз ғой. Сіз отыз шақты бала жібердіңіз ғой, солай емес пе?!

- Екі курс жібердім, иә, ұстаздарға дейін жібердім ғой. Кәукен Кенжетаев халық артисі ғой.

- Иә, халық артисі ғой, сол кісіні де бастап жібердіңіз ғой.

- Міне, осыны ешкім білмейді, сен ғана білесің

- Мен ғана білемін.

Ерсайын Төпенов «Өнертану» кафедрасындағы бір шаруаларына асығыс жүрін кетті. Бірақ, жаңағы құнды қағаздарды иесіне ұстатуды ұмытып кетін, қайта оралды. Бірақ, «Белинский» орнында жоқ екен. Тағы бір жолыққанда беремін деп, «Классик» те кете барды. Арада екі-үш күн өткеннен кейін Әшірбек Сығай бақилық болды деген суыт хабар келіп жетті. Құнды қағазды енді кімге аманаттарын көп ойланған Төпенов, Әшекеңнің шәкірті ғой деп осы жолдардың авторына аманаттаған еді. Қиянат жасамау міндетім, парызым деп ақиқатты алдарыңызға ұсынып отырмын, құрметті оқырман. Алдымен, Павлодар театрының тарихына аз-кем тоқталайық.

1990-шы жылы С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық театрының сол кездегі бас режиссері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, белгілі сахна қайраткері Ерсайын Төпенов жаңа қазақ театрын ұйымдастырып, әрі оның шымылдығын ашу үшін Кереку шаһарына арнайы шақырылды. Қазақ театрын ашу жолында Ерсайын Төпеновті өте үлкен кедергілер күтін тұрған еді. Халыққа іріткі салған адамдар көп болды. Орыстар қарсы шықты. Қазақтардан да кері тартқандар кездесті. Артистер керек. Театр жоқ, ғимарат жоқ, тіпті тұратын үйі де жоқ Ерсайын Төпенов Департаменттің

маңын паналайды. Орыс театрының ғимаратына барып еді Киржнер деген еврей қатты сөйлеп, қала әкімдігінен, облыс әкімдігінен де ауызын жабар адам табылмады. Киржнер кіжінеп тұрып: «Менің театрымда қазақтың өзі түгілі, иісі де болмайды» – деді. Тәпеновтің тауы шағылды. Қайтадан Қарағандыға қайтар жол жоқ, басы ауған жаққа сауғалап кетудің аз-ақ алдында тұрған ол, Алматыға жол тартты. Сол кездегі Алматы театр және кино институтының ректоры Әшірбек Сығаймен арнайы барып жолыққан еді. Бар жағдайды бастан-аяқ баяндап, орыстардың «Ты собери артистов!» деген сөзді қолжаулық қылып отырғанын түгел жеткізді. Еврейдің өктемдігін, айтқан сөзі өңменнен откендігін естіген бетте Әшірбек Сығай: «Труппа керек пе, берем. Біреуі драма, біреуі музыкалық комедия. Биыл төртінші курсқа көшті, солардың бәрін аласың. Қыздар бар, жігіттер бар» – деді.



Міне, тілге тиек болып отырған «күнды қағаз» Әшірбек Сығайдың Павлодар театрын ашу жөнінде жазған келісім шарты болатын. Ерсайын Тәпенов бұл қағазды қолына алып, Керекуді бетке алады. «Артист, артист» деп едіңдер, міне артист, міне келісімшарт деп ректордың қолы қойылған, мөрі басылған қағазды орыстардың алдына тастады. Осы құжаттың арқасында шыр етін қазақ театры дүниеге келді. Қарағандыдан Сейтжан-Роза Тәжібаевтар, Сансызбай-Алма Бекболатовтар және Амангелді Жүкелер Павлодарға келді. Жезқазғаннан Қазақстанның еңбек сіңірген артисі М. Манапов келіп қосылды. Театрдың тұңғыш директоры болып Б. Тапалшынов бекітілді.

Т. Жүргенов атындағы Алматы театр және көркемсурет институтының басшылығы бұл театрға музыкалық комедия және драма бөлімдердің бітіруші студенттерін арнайы жолдамамен Павлодарға жіберіп, үлкен қолдау көрсетіп, тұңғыш рет институт бітірушілер дипломдық жұмыстарын тікелей театр сахнасында даярлауға қол жеткізді. Мамандық бойынша дәріс берер ұстаздары да көп күндік іс-сапарға аттандырылды. К.Кенжетеев, Е.Сегізбаев, М.Жүнісов, П.Ильдаров сынды тәжірибелі мамандар өз шәкірттерін театр өндірісімен нақтылы түрде таныстырған еді. Г. Әбдірахимова, Қ. Болманов, Р. Ерәсілова, Қ. Жүнісова, Б. Иманқожаев, Л. Ықтымбаева, С. Мұсахметова, Ә. Сейтінбекова, А. Сейтінбекова, Б. Сүлейменов, А. Тастаева, С. Құлдәулетова, Б. Ұбаевалар жаңа театр сахнасының алғашқы қарлығаптары. Кейінірек, 90-шы жылдардың орта шеніне қарай театр құрамы Данияр, Ақмарал Абдрахмановтар, Қ. Мұсанова, Б. Құрбанова, Т. Атанбек, Қ. Балтабаев, Б. Оңдасов, Р. Нығманов сынды жас артистермен толықты.

Бірінші маусымның тұсау кесер шымылдығы заңғар жазушы – М. Әуезовтың «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясымен ашылды. Өзінің ішкі қуатымен, терең мазмұнымен «Айман-Шолпан» пьесасы жас театр маусымын бастауға лайық деп танылып, жаңа өнер отауының алғашқы қойылымына жастықтың жалыны, асау албырттық барынша тән болды.

Туынды симфониялық оркестрмен сүйемелденеді. (Дирижер: Болат Рақымжанов). Жас артистер тобы өз дипломдық жұмыстарын осылайша іс жүзіне асырған болатын. Өлі күнге дейін «Айман-Шолпан» сол театрдың төлқұжаты. Міне, осының бәріне ұйытқы болған Әшірбек Сығай еді. Ректордың өз еркімен жасаған шешімін құптамаған кейбіреулер біздің сабақтарымызды қысқартып, қазақ театрын ашуға студенттерді жіберді деп үстінен хат жазып, жоғарғы жақтан сөгіс алғаны ешбір жерде айтылмайды. 1991 жылы ректорлықтан кетуіне де осы жағдай әсер етті ме? Кім білсін... Шынымен де, Әшекеңнің жасағаны ерлік еді. Ол кезде Қазақстанды былай қойғанда, Ресейдің өзінде 4-ші курста жүрген студенттерді сабақтарынан босатып театрға жіберу болмаған оқиға. Әшірбек Сығайдың сол кезде студенттер мен ұстаздарды жинап алып айтқаны: «Әй, сендердің мына жерде оқытпаған сабақтарыңды бұлар театрдан алады, театрдан артық лекция жоқ бұлар үшін».

Әшірбек Сығай 1991-1994 ж.ж. Қазақстан Мәдениет министрінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарған кездің өзінде Павлодар театрына көп көмек көрсетті. «Театр ұжымының республикалық фестивалдерге ғана қатысып қоймай, Халықаралық шеңбердегі фестивалдерге барып, айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгені де Әшекеңнің қолдауының арқасында жүзеге асты. Тіпті, 4-5 рет Түркияға бардық, Египетке бардық, Мәскеуге, Ленинградқа, талай рет Омбыға бардық, Монғолияның Баян-Өлгей аймағына бардық. Осы кісінің арқасы бәрі, өзінің еңбегі сіңген, өзі ашқан театры» - дейді белгілі сахна қайраткері, ізденімпаз режиссер Ерсайын Тәпенов. Ол аз десеңіз, 1993 жылы Көкшетау облысында қазақтың ұлттық өнерін кәсіби биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасаған Ақан серінің 150 жылдығы тойланды. Сол тойда І. Жансүгіровтің «Құлагерін» қоюға Қазақстан Мәдениет министрінің бірінші орынбасары Әшірбек Сығай Павлодар театрын ұсынды. Бұл спектакльдің бір ерекшелігі 500 адамдық хорымен, 200 адамдық оркестрімен далада ойналды. Қойылымға үш Ақан қатысты. Біріншісі сері Ақан – Сағат Жылгелдиев, екінші трагедиялық Ақанды – Асылболат Смағұлов, үшінші поэтикалық Ақанды – Павлодар театрының артисі ойнады. Әшірбек Сығайдың шақыруымен Құлагердің өлімін жасау үшін Қырғызстаннан каскадерлер келді. Осылайша, Ақан серінің 150 жылдығы дүркіреп өткен еді. Ал бүгін Әшірбек Сығайдың есімі Павлодар театры тарихында жазылмаған. «Бүгінгі күні облыстық театрлардың жағдайы мүшкіл, кадр мәселесі денге қойылмаған» – деп зар қағушы еді, Әшекем.

Ендеше, қазақ театрын қызғыштай қорыған Әшекеңнің есімін неге Керекуліктер театр өмірбаянына жазбайды. Әшірбек Сығай ашқан театрдың, яғни Ж. Аймауытов атындағы Павлодар қазақ музыкалық-драма театрының келе жатқан 25 жылдығымен құттықтай отырып, театр сыншысы есімін тарихына таңбалауын талап етемін.

Мирас ӘБІЛ,
«Театртану» мамандығының 4 курс студенті
профессор Ә.Сығай шеберханасы

Мұңайма, Мирас!

30.04.2015

Мирас, сен сол бір күні тым жабырқау едің ғой. «Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестігін ойдағыдай жүргізіп өткізсең де, тылсым табиғат көкжиегі мен айналаңа көз тастап, әлде неге алаңдап, әлдебіреуді күткендей жаң-жағыңа алақ-жұлақ етіп, неге сонша қарайлай бердің? Әдемі де еңсесі биік, әзіл құмар, жомарт жаның да қашанғы әдетінен жаңылдыма сонда?! Қазақ Ұлттық өнер университетінің ғимаратынан сәл-сәл ұзай түсіп, аялдамаға жетер-жетпестен тоқтап қалып: «Бүгін жатақханаға жаяу тартайықшы!» – деп, айтуыңның астарында зілбатпан мұң жатқандай болып көрінгенді. Әркез сенің дегенінді екі етпейтінімдей, бұл ретте де оған көндіккенім өзіңе аян..

Иә, екеуіміз әрмен қарай қадамымызды баяу басып, жол бойы біраз сыр шертістік. Сонда сен: «Ес-аймақ» аяқтала салысымен-ақ, «Мих жарайсың!» – деп айтатұғын Әш ағамыздың сөзін сағындым дегенді жиі-жиі қайталаумен болдың ғой. Солайша, келмеске кеткен кемеңгер тұлға әрі ұлы ұстазымыздың жоқтығына көңе алмай жүргенінді тағы да байқатып салдың. Әлгі шақта көктегі күн жайма шуақ болып, сүт сәулесін молынан төгіп тұрса да, біздер үшін күнгірт еді. Себебі сенің... менің... Жә, қойшы... Екеуіміздің де көңіл айдындарымызда мұңлы әуен ырғағы мен ноталары тізбектеліп жатқан болатын. Ол жағын ұғындың ба екен? Сені дәйім жігерлендіріп жүретін мені де сол арада қара басып кете барған. Тіпті, саған қай қырынан келіп, тіл қатарымды білмей, әуре-сарсаңға түстім. Әш ағаның есімін естіген сәтте жәудір жанарыма жас үйіріліп, қала берді. Оны байқатпауға тырыссам да, сергек те сезімтал қасиетің сезіп үлгермеппе еді?! Одан барып:

«Аға, сені сағындым бәйтерегім,
Бәйтерегім болмаса қайтер едім?
Баяғыдай күлмеймін, шаттанбаймын,

Келтірейін жанымның қай дерегін...» – деп келетін өлеңімнің бастапқы бір шумағын сыртқа шығармастан, іштей ғана айта беріп едім... Сен болсаң мендегі жан-дүниемнің түкпіріндегі ойды оқып қойғандай:

«...О, менің Әшірбек Сығай ағам,

Мен енді кімнен ақыл сұрай алам...» – деп, ары қарай өзіңнің поэзияңмен үн қосқаның санамда берік сақталып қалыпты.

Не керек?! Аздаған уақыт өткеннен соң, қайтадан мұңыңды маған шаға бердің, шаға бердің... Сұсты өмірдің қайсыбір нәзік жүрегіне октай тиіп, инедей шаншып жатқан әділетсіздігін жайып тастадың... Қалайша, сонда саған бір ауыз жылы сөзімді қимадым десеңші?! Кінәлімін.. Айыптымын..

Сол күні сөзбен айта алмағанымды бүгін қалам күшімен жеткізсем деймін. Тағдыр! Ерте ме, кеш пе, әйтеуір өз міндетін атқарады. Мойыма, жасыма! Алдымызда үлкен аманат жүгі күтіп тұр! Ол жүкті абыроймен арқалау бәріміздің азаматтық һәм шәкірттік борышымыз! Мен білетін Мирас Әбіл дейтін жігіт батыл еді ғой. Ендеше, байырғы мінезіңнен танба, айныма дегім келеді. Мұңайма Мирас!

Қуат ЕЖЕМБЕК,
«Театртану» мамандығының 4 курс студенті
профессор Ә. Сығай шеберханасы



Алаштың «Айбозы»

Ай сайын дәстүрден жаңылмай, белсенді студенттердің ұйымдастыруымен өтіп жүрген «Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестігіне түрлі мамандық иелері арнайы түрде шақыртылып, бірлестіктің құтты төрінен көрініп келеді. Осы жолғы кездесу де өз алдына ерекше қарқында өтті. Ағымдағы жылдың сәуір айының 30 күні өткен бірлестіктің кезекті отырысы жайлы айтып отқан жайым бар. Алла берген, өзіне ғана тән ерекшеқоңыр үні бар, балғын кез, балауса шақтаңақ киелі сахнаны жан серігіне балай білген, дәстүрлі кәсіби ән өнерінің өкілі, Алаштың «Айбозы» атанған – Қайрат Әукенұлы Байбосынов «Ес-аймақтың» төрінен сый-құрметпен орын алды.

Иә, бұл бас қосу тіпті, айрықша сипатта өрілді. Бұлай деп айтуымның да өзіндік салдары бар шығар. Себебі, қазақтың дәстүрлі ән өнері жайлы сөз қозғалды, саф өнердің өткені мен бүгінгі тілге тиек етілді, сан алуан ойлар ортаға салынды. Қай халық, қай ұлт болмасын тек өзіне тән өнерімен ғана ерекшеленеді. Қоржыны мол, қамбасы өнерге толы қазақ халқының мәдени мұрасы өте тереңде жатыр. Сондай жақұт жырларды бойыңа сіңіре өсіп, дамытып, насихаттай білген ҚР Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор Қайрат Байбосыновпен өткен кездесу көпшіліктің көкейінде біраз уақытқа шейін сарнап тұрары анық. Арқадағы әншілік дәстүрдің негізін салған Сегіз Сері, Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Әсет, Ес-тайлардың көзіндей болған Қайрат Әукенұлы қазақ дәстүрлі ән өнеріне ерекше құбылыс болып келді. Жастайынан кеудесі әнге толып, жүрген жерінде ән айтуды тоқтатпаған өнерпаздың алған асулары, шыққан биіктері шүкір жетерлік. Төл өнерді атамекенінде дамытып қана қоймай, тіпті дерлік, қазақ әуенін алыс-жақын шетел аспанында әуелеткен кәсіби әншінің ерлігі біздер үшін үлкен тарих, есте мәңгі қалар естелік дерсіз. Жиналған көпшіл қауым өздерінің көкейлерінде жүрген біршама сұрақтарға осы кештің барысында тұщымды жауап алды.

Бұл кешке дарынды дарабоздың өзімен бірге төл шәкірттерін ерте келгені ерекше әсерге бөледі. Сары уыз балапан кездерінен үлкен өмірге, өнер бәйгесіне даярлап жатқан ұстаз еңбегінің өзі айтарлықтай айтуға әбден лайық. Ұстаздарының киелі қасиетін бойларына сіңіріп өсіп келе жатқан жаста болсын дарынды шәкірттер еш тартынбай өнерлерін ортаға салып жатты. Салиқалы ой, қызғылықты әңгіме, есте қаларлық жәйттерге толы болған «Ес-аймақтың» бұл отырысы да өз мәресіне жетті. Халқымыздың маңдайына біткен баға жетпес әуезді әндерін тыңдап, тұщымды естеліктер естін халық мәре-сәре болып тарқасып жатты...

Иә, құрметті тәлімгерлер мен білім алушылар! «Ес-аймақ» биылғы оқу жылындағы жиынын осымен тәмәмдайды. Алла сәтін салса келер оқу жылында бұл бірлестігіміз қайта жанданып, өз күшіне өнеді. Бірлестіктің салтанат құрар уақыты әлі алда. Баршамыз бір кісідей жиылып, шын ниетімізбен ат салысайық, ағайын. Жаңа оқу жылында жағымды жаңалықтар күтініздер!!!

Арман АЙТЖАН,
«Театртану» мамандығының 4 курс студенті
профессор Ә. Сығай шеберханасы



Көрерменге кеңес

Бірқыма көнер ме екен өлең дөнен?
 Ынтықпын өлеңге мен, өнерге мен.
 Адамдықтан безгенім болар, сірә
 Адалдықтан аттасам егерде мен.

Бір мұным бар, ішімде көнерген бе?
 Тиісті емес бағасы төмендеуге,
